

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З Х А Б А Р Л А М А С Ы

Астана қ.

2016 жылдың 25 қазаны

"Қазақстан Қор биржасы" АҚ "KASE Day in Astana" атты таңғы бизнес асты өткізді

KASE 2016 жылдың 25 қазанында Астана қаласында ұлттық компаниялардың топ-менеджерлері мен ірі жекеменшік компаниялардың басшыларына, сондай-ақ, жетекші отандық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап арнайы таңғы бизнес асты ұйымдастырды.

KASE басшылығы биржаның негізгі қызметі, биржа нарығындағы қазіргі трендтер мен KASE жобалары жөнінде тарқатып әңгімелеп, жаңа стратегия аясындағы даму жоспарларымен бөлісті, сондай-ақ, жаңа брендті таныстырды.

Биржа Қазақстан қор нарығының негізгі инфрақұрылымдық бөлігі ретінде қазақстандық компанияларға арнап қаржыландыруды тартумен айналысатын барынша тиімді алаңды құруды мақсат тұтып отыр.

Экономикадағы жаңа міндеттерге жауап бере отырып, сондай-ақ, өзінің көп жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, биржа ұсынылып отырған қызметтердің сапасын ең үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес көтеруді, технологиялық жаңғыртуды, ұсынылатын өнімдердің санын ұлғайтуды және нарыққа жаңа эмитенттер мен инвесторларды тартуды стратегиялық даму бағыты ретінде белгіледі.

Сонымен бірге, іс-шара қатысушылары жаңа өнімдер мен отандық бағалы қағаздар нарығының даму беталысын талқыға салып, Қазақстан қор нарығында бизнес үшін ашылып отырған жаңа мүмкіндіктер туралы кеңінен ақпарат алды.

Анықтама үшін

«Қазақстан Қор биржасы» АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және Қазақстанда қаржы нарығында қызметін жүргізіп отырған жалғыз биржа болып табылады. KASE - репо нарығының құралдарына, шетелдік валюталарға, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарға, халықаралық қаржы институттарының облигациялары мен туынды құралдарға арналған әмбебап сауда алаңы.

KASE - Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуропа-Азия Қор биржалары федерациясының (FEAS), сондай-ақ, басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі. 2015 жылы KASE БҰҰ-ның «Қор биржалары тұрақты дамуды үшін» атты бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздарды саудалау көлемі жағынан екінші орында тұр, сондай-ақ, акция нарығын капиталдандыру бойынша FEAS биржаларының бестігіне кіреді.

Қосымша ақпарат алу үшін: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz